

## Аз қамтылған отбасындағы білім алушылардың ыстық тамақпен қамтылуын қадағалау.

Күні: 24/11/2025жыл

Күні: 09/12/2025жыл

**Мынадай құрамдағы комиссия:**

- 1) Б. Утегенов - комиссия төрағасы, мектеп директоры
- Мүшелері:**
- 2) Г. Балымова - мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
  - 3) Б. Бектемір - мүшесі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
  - 4) Қ. Әбиева - мүшесі, директордың бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары
  - 5) Ж. Бекманов - мүшесі, қамқоршылық кеңес төрағасы
  - 6) Р. Қартанова - мүшесі, ата-ана комитетінің төрайымы
  - 7) С. Қылышбаева мүшесі – қамқоршылық кеңес мүшесі
  - 8) Г. Избасова - мүшесі, әлеуметтік педагог
  - 9) А. Сарбаева - мүшесі, мектеп медбикесі

**Ыстық тамақ қадағалау** – мектептегі оқушылардың денсаулығы мен білім алу қабілетін арттыру мақсатында тағамның сапасы мен қауіпсіздігін бақылау, санитарлық талаптарды сақтау, ас мәзірін үйлестіру, бракераждық комиссия арқылы тағам сынамаларын тексеру және ата-аналардың пікірін ескеруді қамтиды, мұны мектеп мейірбикесі, аспазшы және әкімшілік бірлесіп атқарады.

### **Бақылаудың негізгі бағыттары:**

- **Ас мәзірін үйлестіру:** 4 апталық айналым бойынша, әр аптада түрлі тағамдар ұсынылады, санитарлық талаптарға сай жасалады. 30%-дан астам оқушы тағамды жемесе, мәзір өзгереді.
- **Бракераж:** Мектеп мейірбикесі күнделікті тамақ сынамаларын алып, оқушыларға таратуға жарамдылығын тексеріп, журналға жазады.
- **Тамақ сынамасын сақтау:** Әр тамақтан тәуліктік сынама алынып, сақталады.
- **Аспазшының міндеттері:** Шикі азық-түлік пен дайын тағамды өңдеу ережелері, санитарлық талаптарды сақтау, тазалықты ұстау.
- **Бақылаушылардың қатысуы:** Ата-аналар мен басқа бақылаушылардың талап-тілектері журнал арқылы қабылданады.

Бұл жүйе оқушыларға сапалы, қауіпсіз және пайдалы ыстық тамақ ұсынылуын қамтамасыз етеді.

Тексеру нәтижесінде мыналар белгіленді:

- 1. Ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиенасына қойылатын талаптар:** ас блогының жұмыскерлері, техникалық персонал арнайы киіммен ( халат немесе шалбары бар күрте, бас киім) қамтамасыз етілген. Білім беру объектілерінің асхана жұмыскерлері жұмыс басталу алдында шаштарын орамалдың немесе қалпақтың астына жинаған, зергерлік бұйымдарды, сағаттарды және басқа да сынатын заттарды шешкен. Тырнақтарын қысқа етіп қиады және оларды лакпен боялмаған. Ас блогының жұмыскерлері мен техперсоналдары жұмысқа кіру алдында міндетті алдын ала мерзімдік медициналық тексеруден өтеді. Жұмыскерлердің жеке медициналық кітапшалары жұмыс орынында сақталған.
- 2. Асхана ыдысына қойылатын талаптар:** Ауыз су ұйымдастырылған, бір реттік стакандары бар. Күнделікті мәзірдің перспективалық мәзірге сәйкес. Сыныптар бойынша тамақтану кестесі мен тамақтану арасындағы аралық сақталған. Асханалық аспаптарды дұрыс сақтау ( кассеталардың болуы және қасықтарды, шанышқыларды жағары қаратып сақтау) қасық, шанышқылар жоғары қаратып салынған. Барлық ыдыстар жаңартылған талапқа сай. Ыдыс жуатын орын 3 секциялық жуу орны бар, ыстық, салқын сумен жылытылған. Тексеру барысында чайниктердің қақпағының сырлары ұшуына байланысты кәсіпкерге ауыстыруға ұсыныс айтылды.
- 3. Тамақ өнімдерін қабылдауға қойылатын талаптар:** Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдау олардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттар болған кезде жүзеге асырылуы тексерілді. Барлық өнімдердің жарамдылық мерзімдері өтпеген.
- 4. Тамақ өнімдерін сақтауға қойылатын талаптар:** Тамақ өнімдерін сақтауға арналған қойма үй-жайларында: температуралық-ылғалдық, жарық режимі, азық-түлік өнімдерінің әрбір түріне қойылатын қоймалау нормаларына сәйкес тауар көршілестігі сақталуын қадағаланды. Асхананың бөлмелері, қоймасы (склад) таза. Әр тағам өз сөрелерінде таңбасымен тұр. Көкөністер, азық-түліктер еденнен жоғары сөрелерде орналасқан.
- 5. Тоңазытқыштар:** Тоңазытқыш жабдығының мақсаты туралы таңбалау жасалған. Термометр бар. Тауар көршілестігі сақталған. Тоңазытқыш жабдығының санитарлық жағдайлары жақсы жаңадан алынған. Тәуліктік сынама сақтау арнайы бөлек тұр. Асханада 4 тоңазытқыш бар. Оның бірінде ет өнімдері сақталса, екіншісінде шикізат, азық-түліктер сақталады. Тағы бір тоңазытқышта күнделікті тағамдар сақталса, 4-ші тоңазытқышта тәуліктік тағам (пробы) сақталған.
- 6. Тәуліктік сынамаларға қойылатын талаптар:** дайын өнімнің тәуліктік сынамалары нақты мәзірге сәйкес қалдырылады, сынамалар тоңазытқышта қақпағы бар шыны ыдыста, келесі күні дайындалған тағаммен немесе демалыс күнінен кейін (демалыс күндерінің санына қарамастан) - таңғы аспен, түскі аспен, бесін немесе кешкі аспен тиісінше ауыстырылғанға дейін кемінде 24 сағат сақталатын қадағалау. Бекітілген мәзір бойынша дайын тамақтардың дұрыс салуы мен дайын ас шығымы өз деңгейінде. Тәуліктік сынама алу мен сақталу қамтамасыз етілген.
- 7. Тыйым салынған өнімдер:** құрамында жасанды бояғыштар, консерванттар, хош иістендіргіштер, дәм күшейткіштер және тәттілендіргіштер бар шұжық өнімдері, сосискалар және басқа да өнімдер. Пастерленбеген сүт, термиялық өңдеусіз сүзбе және қаймақ, сондай-ақ суда жүзетін құстардың жұмыртқалары мен етін тамақтануда қолдану, ауыл шаруашылығы жануарларының аурушандығы бойынша қолайсыз шаруашылықтардан алынған сүт және сүт өнімдері, сүзбе, айран, фаршталған құймақ, флотша макарон, зельц, форшмактар, сілікпе, паштет, кремі бар кондитерлік өнімдер, морстар, квастар, фритюрде қуырылған өнімдер, шала пісірілген жұмыртқа, глазунья жұмыртқасы, күрделі (төрт компоненттен астам) салаттар мен қаймақ пен майонез құйылған салаттарды дайындауға және сатуға тыйым салынады. Тыйым салынған тағамдар мен өнімді дайындалудың, сатудың және пайдалануға тыйым салынған заттар сатылымда болмады.
- 8. Мәзірге қойылатын талаптар:** Күн сайын тамақтану залында мектеп басшысы бекіткен ас мәзірі ілінуін, онда тағамның атауы, әрбір дайын тағамның шығуы көрсетіледі. Ас мәзірінде көрсетілген тағамдар мен аспаздық өнімдердің атаулары пайдаланылған рецептуралар жинақтарында және технологиялық карталарда көрсетілген атауларға сәйкес болуын бақыланды. Күнделікті ас мәзірі бекітілген. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді. Тамақ талапқа сай, ас мәзірі негізінде берілді. 09/12/ 2025 жылы меню бойынша тамақтар ас мәзірінде көрсетілген нормаға сай дайындығы анықталды.

**9. Тамақ ішуді ұйымдастыру:** Отыратын орындар саны 160 балаға арналған. Қол жуатын раковиналар саны 5. Сабын, бір реттік қол сүртетін арнайы майлық бар. Сонымен қатар жиһаздардың жағдайы жақсы. Ыдыстардың қосалқы жиынтығы жеткілікті.

**10. Ас блогының үй жайларының жай – күйі:** «Ыдыс жуу ережесі» маңдайшасы бар. Ыстық және суық сумен жабдықталған. Су жылытқыш 30 литрлік. Су бұру жүйелері, жылу жүйелері, жарықтандыру жүйелері орнатылған. Ас блоктарында шамдарда ылғалды қорғаныш шамдары бар. Асхананы жуу және өңдеу үшін жеке жағдайлар жасалған. Жуу құралдарының сақтау мерзімдері, сертификаттары бар.

**11. Құжаттар:** Журналдар толықтай арналған. Сертификаттар бар. Медбике күнделікті асханадағы жағдайды, тамақтың сапасы мен берілу мөлшерін (нормасын) бақылап отырады, ас әзірлейтін бөлімнің санитарлық тазалығы мен қызметкерлердің жеке басының гигиенасын күнделікті қадағалайды. Жеткізілген азық – түліктердің сапасы мен сақталу мерзімі, шарты, пайдалану уақытының бақылау жұмыстары күнделікті жүргізіледі, барлық арнайы журналдар уақытылы толтырылғаны тексерілді.

**12. Нан цехы:** Жабдықтар мен мүкәммалды таңбаланған. Нан сақтауға арналған сөрелерді өңдеуге арналған 1% сірке суы ерітіндісі бар. Нан үгіндісін жинауға арналған ыдыс пен шеткалары бар.

**13. Тұрмыстық бөлме:** Қызметкерлердің жеке заттарын сақтауға арналған және сонымен қатар арнайы киімнің қосалқы жиынтығына жеке – жеке шкафтары бар. Душ бөлмесі, ванна бөлмесімен әжетханасы бар. Асхана қызметкерлерінің сыртқы келбеті (форманың тазалығы, ұқыптылығы, арнайы киімнің толық жиынтығында жұмыс істей ме) барлығына сай екендігі анықталды. Жинау мүкәммалы, олардың жеткіліктілігі, таңбаланған.

#### **Мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыруы және тексеру қорытындысы бойынша:**

Ыстық тамақпен қамтылған оқушыларды күнделікті асханадан тегін ыстық тамақпен қамтылуын мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Балымова қадағалайды. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы, асхананың жалпы тазалығы, ыдыс – аяқтардың тазалығы, азық – түлік сақтайтын қоймалар, жеміс – көкөніс сақтайтын орындар, қайнату, ыдыс – аяқ жуатын бөлмелер, азық – түліктердің сақталуы мен тұтыну мерзімі талапқа сай. Бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің тамақ әзірлеуге азықтардың дұрыс салынуы мен дайын ас шығымы өз деңгейінде. Тәуліктік сынама алу мен сақталу қамтамасыз етілген. Аспазшылардың сырт киімдері санитарлық-гигиеналық талапқа сай. Асханада дұрыс тамақтануға байланысты стендтер ілінген. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді. Санитарлық талаптарға сай үстелдер белгіленген, ара-қашықтық ережесі сақталған. Асхананың тазалығы, таңбасы бар өндірістік үстелдер және асхана ыдыстары түгелдей тексерілді. Асхана қызметкерлерінің медициналық кітапшаларының болуы және уақытылы медициналық тексеруден өткен. Мектеп асханасында 9 адам жұмыс істейді, атап айтқанда 3 аспазшы, 6 аспазшының көмекшісі жұмыс жасайды. Сонымен қатар медбике күнделікті бақылайды.

Оқушыларға берілетін тамақтар менюге сәйкес пісіріліп берілді.

1. Мектеп асханасында даяршылар оқушыларға тамақты уақытында әзірледі.
2. Асхананың санитарлық жағдайын бақылау. Ыдыс жуатын бөлмелерде қолданылатын жуғыш заттардың құрамы және көлемі көрсетілген. Ыдыстар арнайы ыдыс жуатын жуылып, шайылып кептіріледі. Асхана іші таза, санитарлық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде.
3. Оқушыларға ішуге таза ауыз су қойылған.
4. Тамақ өнімдерінің сапасы талапқа сай. Ас мәзірі бойынша барлық тағамдар қамтылған. Бақылау асы қойылған.
5. Асханада тазалық нормалары сақталған.
6. Оқушыларға тамақ кесте бойынша уақытында әзірленді.
7. Сынып жетекшілерге асханада оқушылардың тәртібіне мән беру жөнінде кеңес айтылды.

## **Ыдыстардың тазалығы және қауіпсіздігі**

Тәрелке, қасық, шанышқы, кружка арнайы ыдыс жуғышта немесе үш сатылы жуу режимімен жуылады:

1. сабынды су
2. ыстық су
3. дезинфекциялық ерітінді

Ыдыстарда сызат, жарылу, май дағы болмауы тиіс.

Бір рет қолданылатын ыдыстар міндетті түрде сертификатталған болуы керек

## **Дайын тағамдардың сапасы мен дәмі**

Дайын тағамдардың сапасы мен дәмі — мектеп асханасына, балабақшаға, қоғамдық тамақтану орындарына қойылатын маңызды көрсеткіштердің бірі. Олар санитариялық талаптарда нақты белгіленген.

### **1. Дайын тағамның жалпы сапа белгілері**

#### **✓ Сыртқы түрі**

- Тағамның түсі табиғи болуы керек.
- Күйген, қарая бастаған, көгерген, ағып тұрған сұйық немесе түсі өзгерген болмауы тиіс.
- Порция ұқыпты, эстетикалық ұсынылуы қажет.

### **2. Консистенциясы (құрамының біркелкілігі)**

- Ет — жақсы пісірілген, шикі жері жоқ.
- Көже — тым қою немесе тым сұйық болмауы керек.
- Каша — кесектенбей, біркелкі.
- Көкөністер — тым қатты емес, жартылай жұмсақ.

### **3. Дәмі**

- Қалыпты, жағымды дәм болуы керек.
- Тым тұзды, тым тәтті, ащы болмауы тиіс.
- Болмаған бөтен дәмдер сезілмеуі қажет (күйік, ашу, қышқылдық)

### **4. Иісі**

- Табиғи тағам иісі болуы керек.
- Бұзылған немесе ескірген тағамда:

Х қышқыл иіс

Х ашыған иіс

Х күйген иіс

болса — берілмейді.

## 5. Температурасы

- Ыстық тағам — 65–75°C болуы керек.
- Салқын тағамдар — 8–14°C.
- Бөлме температурасында көп тұрмауы қажет.

## 6. Қауіпсіздік талаптар

- Тағамда сүйек, қабық, қылша, металл немесе пластик бөліктер болмауы керек.
- Тазалық пен гигиена нормалары сақталуы тиіс.
- Тағам дайындалғаннан кейін 2–3 сағаттан артық сақталмайды.

## 7. Мектеп асханасына тән ерекше талаптар

- Қуырылған тағам берілмейді.
- Май мөлшері азайтылған.
- Қант шектеледі.
- Трансмайлар қолданылмайды.
- Жасқа сай порция мөлшері сақталады.

Ата – аналарға айтылып түсіндірілді. Сонымен қатар "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы таныстырылды.

### **Ұсыныс:**

Асхана жұмысы комиссия мүшелері тарапынан үнемі бақылансын;

Мектебімізде асхана таңертеңгі 8.00-17.00-ге дейін жұмыс жасайды.